

## Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 ақпандағы № 186 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 466 Жарлықтарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті құрылсын.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Атом энергиясы комитетінің «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып;

2) Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Ядролық физика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Атом энергиясы комитетінің «Ядролық физика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып;

3) Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Геофизикалық зерттеулер институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Атом энергиясы комитетінің «Геофизикалық зерттеулер институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталсын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) «Ядролық технологиялар паркі» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитетіне берсін;

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен бірлесіп, осы қаулыны іске асыру бойынша шаралар қабылдасын.

5. Мыналардың:

1) «Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 шілдедегі № 926 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 62, 862-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 1433 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*  
*С. Ахметов*

*Премьер-Министрі*  
Қазақстан  
Үкіметінің  
2013 жылғы 26  
№ 186 қаулысымен  
бекітілген

Республикасы  
Республикасы  
ақпандағы

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
кейбір шешімдеріне енгізілетін  
өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне»  
деген бөлімде:

реттік нөмірі 237-44-жол алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 310-жолмен толықтырылсын;  
«Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің

Атом энергиясы комитетіне  
310. «Ядролық технологиялар паркі» АҚ».

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 26 ақпандағы

№ 186 қаулысына

қосымша

Ескерту. Қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.